



ШЕШІМ

2017 жыл № 166/21 - V/1
20 шілде Астана қаласы

РЕШЕНИЕ

город Астана

**Астана қаласының
аумағын абаттандыру
қағидалары туралы**

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
Астана қаласының Әділет департаменті

Нормативтік құқықтық акті 2017 жылғы «31»
Тоқсаныншы Нормативтік құқықтық актілерді
мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 1125
болып енгізілді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабының 1-тармағының 4-2) тармақшасына сәйкес, Астана қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес Астана қаласының аумағын абаттандыру Қағидалары бекітілсін.
2. Осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес Астана қаласы мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.
3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Астана қаласы мәслихаты
сессиясының төрағасы



М. Тулеутаев

Астана қаласы мәслихаты
хатшысының міндетін атқарушы

С. Жүнісов

«КЕЛІСІЛДІ»

Астана қаласының
«Алматы» ауданының әкім

Ө. Сәрсембаев


Астана қаласының «Есіл»
ауданының әкімі

Е. Бөлекпаев

Астана қаласының
«Сарыарқа» ауданының әкімі

А. Тұрлубек

0001612



«Астана қаласының Кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы» (КжӨБ) мемлекеттік мекемесінің басшысы



Р. Қауғабаева

«Астана қаласының Коммуналдық шаруашылық басқармасы» (КШБ) мемлекеттік мекемесінің басшысы



Т. Закарьянов

«Астана қаласының Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы бақармасы» мемлекеттік мекемесі басшысы (МСҚББ)



Т. Құлышев

«Астана қаласының Сәулет және қала құрылысы басқармасы» (СЖҚҚБ) мемлекеттік мекемесі басшысының міндетін атқарушы



Б. Тайталиев

«Астана қаласының Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» (ТРЖТПРБ) мемлекеттік мекемесінің басшысыны



М. Танабаев

«Астана қаласының Тұрғын үй инспекциясы басқармасы» (ТҮИБ) мемлекеттік мекемесінің басшысы



А. Куатбеков

Астана қаласы ІД Әкімшілік полиция басқармасы бастығы (ӘПБ)



С. Жүсіпбеков

Астана қаласының ПИК ассоциациясы төрағасы



М. Кинжибаев



Астана қаласы мәслихатының
2017 жылғы «20» шілде
№ 166/21 - VI
шешіміне 1-қосымша

Астана қаласының аумағын абаттандыру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Астана қаласының аумағына абаттандыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексіне, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексіне, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», 2001 жылғы 16 шілдедегі «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» заңдарына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 235 «Жасыл екепелерді күтіп-ұстаудың және қорғаудың үлгілік қағидаларын, қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абаттандырудың қағидаларын бекітутуралы» бұйрығымен және өзге де нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес әзірленді.

2. Қағидалар Астана қаласының аумағын абаттандыру саласындағы қарым-қатынасты реттейді және тәртібін белгілейді. Қағида меншік нысанына қарамастан Астана қаласының аумағында орналасқан жерлердің, ғимараттар мен құрылыстардың, жапсарластыра салынған орын-жайлардың, тұрғын үйлердегі тұрғын емес орын-жайлардың және басқа объектілердің иелері немесе пайдаланушылары болып табылатын барлық заңды және жеке тұлғалар үшін міндетті болып табылады.

3. Астана қаласының аумағын абаттандыру жөніндегі жұмыстарды үйлестіру және ұйымдастыру Астана қаласының жергілікті атқарушы органымен (бұдан әрі – әкімдік) уәкілетті басқару органдарына, абаттандыру мекемелері мен кәсіпорындарының басшыларына жүктеледі.

4. Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жалпы пайдалану орындары – бұл халық үшін қол жетімді немесе ашық аумақтар, объектілер;

2) жалпыға ортақ жерлер – алаңдар, көшелер, тротуарлар, өтпе жолдар, жолдар, жағалаулар, саябақтар, скверлер, қала ормандары, бульварлар, су айдындары, жағажайлар, зираттар және халықтың мұқтаждықтарын қанағаттандыруға арналған өзге де объектілер (жалпыға ортақ инженерлік жүйелер) орналасқан және оларға арналған жерлер;

